

**№14 «Шолпан» бөбекжай-
бақшасындағы қамқоршылық
кеңестің жұмыс жоспары**

2022-2023 оқу жылы

Бекітемін: 
Бөбекжай-бақша меңгерушісі: Ж.Кисигова

№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасының Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары.

Мақсаты: Әлеуметтік жағдайы төмен , аз қамтамасыз етілген , күн көрісі төмен отбасынан шыққан балаларға тек ерекше тірбие мен білім беру ғана емес, жүйелі материалдық қолдауға мұқтаж екендігін сезіндірмей қолдау көрсету.

Р\С	Тақырыбы	Мәжіліс отырысының уақыты	Жауаптылар
1	1.2022-2023 оқу жылында Қамқоршылық кеңесінің құрамын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту. 2. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы.	26.09.2022 ж	Бөбекжай-бақша меңгерушісі Әдіскер
2	1.Алтын күз (жәрмеңке ұйымдастыру). Ата-аналар ,ұжым мүшелері.	28.11.2022ж	Ұжым мүшелері
3	Әлеуметтік көмекке мұқтаж қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру.	Үнемі	Тәрбиешілер Медбике
4	Қолөнер бұйымдарына жәрмеңке	28.02.2023ж	Ұжым мүшелері
5	«Біз бақытты баламыз» қайырымдылық концерттік бағдарлама ұйымдастыру.	30.05.2023ж	Ұжым мүшелері

№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы

«Қамқоршылық кеңесінің» мәжіліс отырысының

№1 хаттамасы

Өткен күні : 26.09.2022ж

Өткен орны: №14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы

Басталу уақыты: 16.30

Аяқталу уақыты: 17.30

Хатшы: Г.Р.Даменова

Қатысушылар: Қ.К тұрақты құрамы, барлық топтар ата-аналар өкілдері.

Шақырылғаны : №14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасының әкімшілігі

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылында Қамқоршылық кеңесінің құрамын сайлау , жұмыс жоспарын бекіту.
2. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ж.Кисигова сөз алды. Жапы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тармағына сәйкес білім беру мекемесінің өзін-өзі басқару түрі болып табылады. Қазіргі таңда бөбекжай-бақшада әлеуметтік қолдауды қажет ететін 1 бала бар. Мұндай жағдайы төмен , аз қамтамасыз етілген. Күн көрісі төмен отбасынан шыққан балалар тек ерекше білім беру тәсілдеріне ғана емес, сондай-ақ жүйелі материалдық қолдауға мұқтаж. Осы мақсатта бөбекжай-бақшада Қамқорлық кеңес құру керек деп ойлаймын. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

Ата-аналар комитетінің төрайымы Ұ.Булекеева. Көмекшісі А.Мұсағалиева болып сайланды. Жоғарыда қозғалған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен күн көрісі төмен отбасынан шыққан балаларға жүйелі материалдық көмек көрсету бөбекжай-бақшасының әкімшілігіне жүктеліп отыр. Қамқоршылық кеңесінің

Әдіскер А.Байқадамова 2022-2023 оқу жылында жылында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау мақсатында балабақшаның материалдық және техникалық базасы нығайтылды. Акция балабақша ішілік арнайы марапаттар ұйымдастырды. Сондай-ақ қамқоршылық кеңестің құрамында төмендегі кісілерді ұсынды:

1. Булекеева Ұлпан – ата-ана комиссия төрайымы;
2. Байқадамова Кенжегүл- бөбекжай-бақша әдіскері, комиссия хатшысы;
3. Орзбай Алмагүл- кеңес мүшесі;
4. Даменова Гулжайна- кеңес мүшесі;
5. Тәти Жаңагүл- кеңес мүшесі;
6. Байболатова Рита –кеңес мүшесі.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мүшелері бірлесе жоспарланған жұмыстарын жүзеге асырылатыныны айтты. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын бөбекжай-бақша ұжымы бір ауыздан қолдап. Қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. 5-сынып оқушысы Алибаева Ақмаралға өз қаражатымыздан қажетті оқу құралдарын алып беріп қолдау көрсеттік.

Мәжіліс отырысының шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің ередесі басшылыққа алынып , жоспарланған жұмыстар жүзеге асырылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің құрамына ұсынылған кісілер сайлансын.

ҚК Төрайымы:

Ж.Ж.Кисигова

Хатшы:

Г.Р.Даменова



№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы

«Қамқоршылық кеңесінің» мәжіліс отырысының

№2 хаттамасы

Өткен күні : 28.11.2022ж

Өткен орны: №14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы

Басталу уақыты: 16.30

Аяқталу уақыты: 17.30

Хатшы: Г.Р.Даменова

Қатысушылар: Қ.К тұрақты құрамы, барлық топтар ата-аналар өкілдері.

Шақырылғаны : №14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасының әкімшілігі

Күн тәртібі: 1. Алтын күз (жәрмеңке ұйымдастыру). Ата-аналар, ұжым мүшелері.

Тыңдалды: Күн тәртібінде мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ж.Кисигова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды жұмыс жоспарымен таныстырды. Отырысқа қатысушылар жоспарды қолдады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған қамқоршылық кеңесінің мүшесі К.Байқадамова сөз алды. Балабақшаның жылдық жоспарында көрсетілген Алтын күз жәрмеңкесін ұйымдастырылатын іс-шараға ата-аналардыда белсене қатыстыру жайлы өз ұсынысымен бөлісті.

Қамқоршылық кеңестің құрамындағы мүшелері бірлесе жоспарланған жұмысты жүзеге асырылатынын айтты. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Алтын күз» қайырымдылық жәрмеңкесі бөбекжай-бақша ұжымы қолдап. Көрме, қайырымдылық жәрмеңкесі ата-аналармен, бөбекжай-бақша ұжымымен бірге ұйымдастырды. Жәрмеңкеге ата-аналармен бірге атсалысып қолжетімді бағада түрлі тағамдар әзірледі. Қолөнер бұйымдарын сатылымға қойды, түскен қаржыға көп балалы отбасыға көмек қолын ұсындық.

Мәжіліс отырысының шешімі:

1. Жәрмеңке ұйымдастырылсын.



Төрайымы:

Хатшы:

Ж.Ж.Кисигова

Г.Р.Даменова

№3 Хаттамасы

Өткен күні 21.02.2023ж

Өткен орны №14 «Шолпан» балабақшасы

Басталу уақыты: 16.30

Хатшысы Г.Р. Даменова

Қатысушылар: Қ.К тұрақты құрамы, топтағы ата-аналар өкілдері

Күн тәртібінде:

Кол өнер жәрменкесін ұйымдастыру, өткізу.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ж.Кисигова сөз алды. Құрметті ата-аналар, әріптестер қош келдіңіздер. Бүгінгі мәселе қамқоршылық кеңестің жоспарына сәйкес жәрменке ұйымдастыру. Кол өнерінен кол жетімді бағамен жұмыстарымызды жасап оны бағалап сатып қаражатын бөбекжай –бақшаның қорына беріп қажеттіліктеріне жұмсатуына қолайлы жағдай тудырсақ Балаға қажетті ойыншықтар, суретті кітапша боямақтар алып оны пайдалануына көмектессек деп ой тастағым келіп отыр. Кімде қандай ой пікір ұсыныс бар не айтасыздар. Сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі балаға қолөнерден бұйымдарды тарту етсек деп отырмын. Соған бір кісідей атсалысасыздар.

Әдіскер: К.Байкадамова Акция барысында ешкімге салмақ салмайтындай жұмыс жүргізсек.

Қолөнерден түрлі жіптен тоқыма жұмыстарын дайындап, әртүрлі ертегі кейіпкерлерін тоқып немесе ағаштан, түрлі дәндерден тамаша жұмыстар жасап, сатылымға қойсақ кол жетімді бағамен сатып алар еді, түскен қаражатқа балаларға қажетті құрал-саймандар алар едік. Сіздерге ой салып осы жәрменкені өткізуге атсалысыңдар деп шақырамын сіздерді. Атсалысып біріккендей қатысыңыздар. Барлық қатысушылар көмектесуге келісті.

Қамқоршылық кеңес қаулы етті:

1. Қолөнер жәрменкесі ұйымдастырылсын.

Қ.К. төрайымы:  Ж.Кисигова

Хатшысы:  Г.Даменова



№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы
«Қамқоршылық кеңесінің» мәжіліс отырысының

№4 хаттамасы

Өткен күні : 28.02.2023 ж

Өткен орны: №14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы

Басталу уақыты: 16.30

Аяқталу уақыты: 17.30

Хатшы: Г.Р.Даменова

Қатысушылар: Қ.К тұрақты құрамы, барлық топтар ата-аналар өкілдері.

Шақырылғаны : №14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасының әкімшілігі

Күн тәртібі:

1.Қолөнер бұйымдарына жәрмеңке.

Бөбекжай-бақша ата-аналармен ұжым мүшелері бірлесе отырып қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке ұйымдастырды. Қолжетімді бұйымдармен түрлі заттар дайындалды. Доптар, түрлі түсті жіптерден жеміс-жидектертоқып, қалдық материалдан түрлі қуыршақтарға киімдер тігіліп, жәрмеңке ұйымдастырды. Сатып алушылар арзан, қолжетімді заттарды сатып алды, түскен қаражатқа оны топтағы көпбалалы отбасынан шыққан Арманға оқуға қажетті құралдар алып тапсырдық. Жәрмеңке соңы үлкен концерттік бағдарламаға ұласты, ән айтылып, би биледі, көркем сөз оқыды.

Мәжіліс отырысының шешімі:

- 1 . Жәрмеңке ұйымдастырылсын.
- 2 .Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

ҚК Төрайымы:
Хатшы:



Ж.Ж.Кисигова
Г.Р.Даменова

№14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасы
«Қамқоршылық кеңесінің» мәжіліс отырысының

№5 хаттамасы

Өткен күні: 30.05.2023ж

Өткен орны: №14 Шолпан бөбекжай-бақшасы

Басталу уақыты: 16.30

Аяқталу уақыты: 17.30

Хатшы: Г.Р.Даменова

Қатысушылар: Қ.К тұрақты құрамы, барлық топтар ата-аналар өкілдері.

Шақырылғаны: №14 «Шолпан» бөбекжай-бақшасының әкімшілігі

Күн тәртібі:

«Біз бақытты баламыз» қайырымдылық концерттік бағдарлама ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ж.Кисигова сөз алды. «Шолпан» бөбекжай-бақшасында қайырымдылық концертін бір ауыздан ұйымдастырайық деп ортаға ұсыныс тастады. Ата-аналар комитетінің төрайымы Ұ.Булекеева және оның көмекшісі А.Мұсағалиева концерттік бағдарламаға атсалысатынын айтып ұсынысын қабылдап көмектесетінін айтты.

Концерттік бағдарламада балалар тапқақтар айтты. Қыздар тобынан құрылған «Асыл айым» бишілері «До ре ми» биін билесе. Ұл балалар «Қара жорға» билерін биледі.

Концерттік бағдарламадан түскен қаржыға жағдайы төмен отбасыға қаржылай көмектесті.

Мәжіліс отырысының шешімі:

1.Қаржылай , материалдық көмек болса есебі алынсын.

ҚК Төрайымы: Ж.Кисигова
Хатшысы: Г.Даменова

